



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

24.05.2023

Көкшетау қаласы

№

112

город Кокшетау

Ақшалай қаражат жинауға тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабының 1 тармағы, 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңының 3-бабының 1-тармағы 9-тармақшасы және 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «№19 ЖОББМ» КММ оқушыларының ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) заңсыз ақшалай қаражаттар жинауды, қайырымдылық көмек есебіне қаражаттарды мәжбүрлі жинауға тыйым салынсын.


2. Сынып жетекшілерді оқушылардың ата-аналарынан ақшалай қаражаттар жинауға тартуға, сондай-ақ түрлі қажеттіліктерге (кеңсе тауарларына, сыйлықтарға, жөндеу жұмыстары және т.б.) КММ «№19 ЖОББМ» әкімшілігінен, мұғалімдері мен оқушыларынан ақшалай қаражаттар жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын.

3. Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Молдакова «№19 ЖОББМ» барлық қызметкерлеріне осы бұйрықты мәлімдеп, қызметкерлердің және сынып жетекшілердің қолдарын қойғызып алсын және де оқушылардың ата-аналары таныстырылсын.

4. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасарлары М.Тохан, Г.А.Мукушева, С.Д.Ибраева және тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Молдакова осы бұйрықты мектеп қызметкерлеріне жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



К.Шаймерденов

Орынд. Ж. Бектасова

000131